

Қарқаралы ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 29 наурыздағы III сессиясының N 3/29 шешімі. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 13 сәуірде N 8-13-119 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 25/203 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 24.12.2013 № 25/203 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың санаттары бекітілсін:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;

2) Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамына кірген адамдары;

3) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны " белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (кұқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері);

4) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар;

5) 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар;

6) Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысушы тұлғалар;

7) Ауғанстандағы ұрыс-қимылдарына қатысушылар мен мүгедектер;

8) қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары, қайталап некеге отырмаған ата-ана, зайып (жұбай);

9) аз қамтылған отбасылар балалары және ата-аналары өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар жаңа оқу жылына;

10) ағымдағы жылы жалпы білім беретін мектепті, орта арнаулы оқу орнын аяқтаған жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

11) мүгедек балалар және 18 жастан асқан I, II топтағы мүгедектер;

12) қимыл белсенділігінің деңгейі төмен, өзгенің күтімі мен көмегіне мұқтаж жалғыз басты I, II топ мүгедектеріне үйде әлеуметтік қызмет көрсету үшін;

13) дәрігерлік-кеңес комиссиясы анықтамасы негізінде, операциядан кейінгі емделу кезеңіндегі онкологиялық аурумен ауыратындар;

14) өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдар әлеуметтік бейімделу және оңалту үш і н ;

15) "Алтын алқа" және "Күміс алқа" белгісімен марапатталған көп балалы а н а л а р ;

1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 11) тармақшаларда көрсетілген әлеуметтік көмек төлемі зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталық бөлімшесінің тізіміне с ә й к е с жү р г і з і л с і н ;

16) амбулаторлық ем алу кезеңінде туберкулезбен ауыратындар; төлем денсаулық сақтау органдарының тізімі негізінде жүргізілсін;

2. Әлеуметтік көмектің көлемі Қарқаралы ауданының әкімдігімен а н ы қ т а л а д ы .

3. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету шығындары "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" 451007 бағдарламасы бойынша аудан бюджетінен қарастырылған қаржы шегінде қаржыландырылады.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет саясаты және экономика, аграрлық мәселе, экология, өндіріс, құрылыс, байланыс , көлік және коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жү к т е л с і н (Р . Ә л и н) .

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,
аудандық Мәслихат хатшысы С. Нүркенов
КЕЛІСІЛДІ:

Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары
----- С. Әлиұлы
28 наурыз 2012 жыл

"Қарқаралы ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы
----- Б. Жұманбаев
28 наурыз 2012 жыл

"Қарқаралы ауданының қаржы
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы
----- Б. Ахметжанов
28 наурыз 2012 жыл